

"Өнер" бағыты бойынша
Оқу – әдістемелік бірлестік-Жобаларды басқару тобы
(ОӘБ - ЖБТ) №2 отырысының
ЖОБА ШЕШІМІ
2023 жылғы 2024 жылғы 12 сәуір

Бірінші сұрақ бойынша: Жасанды интеллектті қолдану жөніндегі ЖОО аралық стандарт және жасанды интеллектті академиялық қызметте пайдалану бойынша нұсқаулықтар туралы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ф.А.Сатыбалдиеваның баяндамасын назарға алу.
2. «Жасанды интеллект негіздері» Типтік оқу бағдарламасының жобасы 2024 жылдан бастап білім беру процесіне әзірлеу және енгізу үшін негіз ретінде қабылдауды ұсыну. «Жасанды интеллект негіздері» Типтік оқу бағдарламасының жобасы бойынша ұсыныстар жоқ.
3. Оқу жұмысында жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар «Өнер» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары ішкі құжатты 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әзірленсін

Екінші сұрақ бойынша: «Өнер» бағыты бойынша Кәсіби стандарттарды дамыту нәтижелері туралы. Қазақстан Республикасының кәсіптердің ұлттық жіктеліміне және «Мәдениет және өнер» саласының салалық біліктілік шеңберіне кәсіптерді енгізу туралы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Г.Б. Гизатованың баяндамасын назарға алу.
2. Кәсіби стандарттарды әзірлеушілері, яғни «Өнер» бағыты бойынша оқу орындары өкілдері және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағынысты мәдениет және өнер саласындағы ұйымдардың өкілдерімен мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының кәсіптердің ұлттық сыныптамасындағы және салалық біліктілік шеңберіндегі тиісті мамандықтар мен біліктіліктерді қарап шығу және енгізу жұмыстары орындалсын.

Үшінші сұрақ бойынша: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрықтың қосымшасына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ж.А. Джумадилованың баяндамасын назарға алу.
2. «Бейнелеу өнері» бөліміне техникалық және кәсіптік білім берудің тиісті мамандықтары ретінде мынадай мамандықтар енгізілсін:
0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрығының қосымшасына өзгерістер енгізу туралы

өтінішпен ОӘБ отырысы шешімінің хаты мен хаттамасын Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығына, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне жіберілсін. Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. (Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды анықтау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрығы (26.05.2023 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Төртінші сұрақ бойынша: ОӘБ-ЖБТ мөрін алу үшін оқу құралдарды басып шығару бойынша ұсыныс:

4.1 Рауандина Шолпан Задановнаның «Қобызға лайықталған домбыра күйлері» атты оқу құралы («Дәстүрлі музыкалық өнер» Білім беру бағдарламасы, «Халық аспаптары» - қобыз) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясынан

4.2 Байсеитова Раушан Хатиятовна, Сушков Дмитрий Валентинович, «Хореографиялық мұра. П.И.Чайковскийдің «Аққу көлі» балеті» оқу құралы (6В02165 Балетмейстерлік өнер және 6В02178-Хореография педагогикасы Білім беру бағдарламаларға арналған) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясынан

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-ЖБТ грифін беру және басып шығару:

-«Қобызға лайықталған домбыра күйлері». Оқу құралы.(«Дәстүрлі музыкалық өнер» Білім беру бағдарламасына арналған. «Халық аспаптары» - қобыз). Автор Рауандина Ш.З. (Казахская национальная консерватория им. Курмангазы);

-«Хореографическое наследие. Балет П.И.Чайковского «Лебединое озеро» (для ОП 6В02165 Балетмейстерское искусство и 6В02178- Педагогика хореографии). Учебное пособие. Авторы: Байсеитова Р.Х., Сушков Д.В. (Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова)

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**

Амирбеков Ш.А.

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы**

Гизатова Г.Б.